

КЕЛІСІЛДІ
МДҰ әдіскері
Хуанган Калиматан 
«19» 08 2024ж
(күні, айы, жылы)

БЕКІТЕМІН
М.Дулатұлы атаандағы ЖББМ
директоры Жанат А 
«19» 08 2024ж
(күні, айы, жылы)

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары
және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
Қазақ тілі бойынша
2024-2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ

Мектепке дейінгі ұйымдағы топ: «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспар қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): 02.09.2024-31.05.2025 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	<i>Тілдік дамытушы орта:</i> Сәлемдесуде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға үйрету. Балалардың ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау. <i>Байланыстырып сөйлеу:</i> Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. <i>Сөздік қор:</i> Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасты білдіретін сөздерді («бөпе», «аға», «апа») меңгерту.
Қазан	<i>Сөздік қор:</i> Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («іні», «қарындас») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттарымен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды үйрету. Жемістердің атауларын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру. <i>Тілдің грамматикалық құрылымы:</i> Сөздерді байланыстырып сөйлеуге үйрету.
Қараша	<i>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</i> Естуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алу дағдысын қалыптастыру. <i>Сөздік қор:</i> Жануарлардың, төрт түліктің атауларын дұрыс айтуға және түсінуге дағдыландыру, <i>Тілдік дамытушы орта:</i> Бір-бірімен күнделікті ойында қарым-қатынас жасауға баулу.
Желтоқсан	<i>Тілдік дамытушы орта:</i> Өзінің алған әсері мен қалауын білдіре білуге дағдыландыру. Дербес іс-әрекетте ауызекі сөйлесуге бірлескен әрекеттері туралы келісуге баулу. <i>Тілдің грамматикалық құрылымы:</i> Зат есіммен етістіктен сөз тіркестерін құрастыруды үйрету. <i>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</i> Көрнекілікпен өзіне айтылған сөзді тыңдауды және түсінуді үйрету.

Қаңтар	<i>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</i> Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты дамыту, қазақ тіліне тән қ дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу. <i>Сөздік қор:</i> Баланың сөздік қорын дамыту үшін тақпақтар, жаңылтпаштар жаттату. <i>Тілдің грамматикалық құрылымы:</i> Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату. Сөздерді байланыстырып, зат есім мен сын есім сөз тіркесін құрату.
Ақпан	<i>Тілдік дамытушы орта:</i> Сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға баулу. <i>Тілдің грамматикалық құрылымы:</i> Сөздерді байланыстырып, зат есім мен етістіктен сөз тіркесін құрату. Зат атауларын көпше түрде қолдану. <i>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</i> Көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.
Наурыз	<i>Байланыстырып сөйлеу:</i> Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту. <i>Тілдік дамытушы орта:</i> Ортақ тақырыпта әңгімелесу. Ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға баулу. <i>Сөздік қор:</i> Баланың сөздік қорын дамытуда санамақ жаттау. Тұрмыстық заттардың атын атау, түсіну дағдыларын қалыптастыру.
Сәуір	<i>Тілдің грамматикалық құрылымы:</i> Бұйрық райлы етістіктерді (бар, кел, айт) жекелей қолдануға баулу. <i>Байланыстырып сөйлеу:</i> Балалардың өзіне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру. <i>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</i> Қазақ тіліне тән ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.
Мамыр	<i>Байланыстырып сөйлеу:</i> Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгісін сақтап, әңгімелесе білуге баулу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. <i>Тілдік дамытушы орта:</i> Өтінішін, қалауын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарының есімін толық, дұрыс атауға баулу.